

Қазақстан Республикасының төлем жүйесіне енуді қамтамасыз етегін бағдарламалық қамтамасыз етуге және техникалық күрал-жабдықтарға қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 400 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 9 желтоқсанда N 1325 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 235 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының төлем жүйесіне енуді қамтамасыз ететін бағдарламалық қамтамасыз етуге және техникалық құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар туралы нұсқаулық бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап жиырма күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

## 2. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Зан департаментімен (Шеріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының төлем жүйесіне енуді қамтамасыз ететін бағдарламалық қамтамасыз етуге және техникалық құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап жиырма күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасының төлем жүйесіне енуді қамтамасыз ететін бағдарламалық қамтамасыз етуге және техникалық құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

## *Төрағасы*

# Қазақстан Банкі

## Республикасының

ҰЛТТЫҚ

## Басқармасының

2000

ЖЫЛҒЫ

Қазақстан Республикасының төлем жүйесіне енуді қамтамасыз ететін бағдарламалық қамтамасыз етуге және техникалық құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар туралы нұсқаулық

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының төлем жүйесіне (бұдан әрі - төлем жүйесі) енуді бағдарламалық қамтамасыз етуге және техникалық құрал-жабдықтарға қойылатын талаптарды белгілейді.

Төлем жүйесіне енуді қамтамасыз ететін бағдарламалық қамтамасыз ету (бұдан әрі - төлем жүйесінің терминалы) төлем жүйесінің пайдаланушылары (бұдан әрі - пайдаланушылар) болып табылатын екінші деңгейдегі банктерде және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орнатылады.

Төлем жүйесінің терминалы пайдаланушылардың төлем жүйесіне қауіпсіз енуін, сондай-ақ олардың арасындағы ақпараттың қорғалған алмасуын қамтамасыз етуі тиіс.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Орталық) төлем жүйесі хабарларының өлшемдерін әзірлеп бекітеді және "Төлемдер жүйесі - алмасу рәсімдері мен хабарлар өлшемі" құжатында көрінеді.

3. Төлем жүйесінің терминалы хабарларды "Төлемдер жүйесі - алмасу рәсімдері мен хабарлар өлшемі" құжатында сипатталған төлем жүйесіндегі ақпарат беру өлшемімен сәйкес өндөуі керек.

### **2-тaraу. Пайдаланушылардың авторизациясы**

4. Төлем жүйесіндегі пайдаланушының авторизациясы үш кезеңде жүзеге асады:

1) пайдаланущы атын анықтау - төлем жүйесінің терминалы төлем жүйесіне ену жүйесі арқылы терминал бағытына қосылады және "login" шақыруын алады. Осы шақыруға жауап ретінде төлем жүйесі пайдаланушыдан өз жүйелік атының енгізілуін күтеді;

2) төлем жүйесі терминалының авторизациясы (1-саты) - төлем жүйесі пайдаланушының атын анықтап, оған "1" символынан кейін криптографиялық ақпараттың бір ізділігін және жауап қайтару ақпаратын енгізу үшін "1<<" шақыруын жібереді.

Төлем жүйесінің терминалы жауап қайтарудың бір ізділігін қалыптастырады және оны төлем жүйесіне жібереді. Төлем жүйесі алынған ақпаратты талдайды және пайдаланушыға құқық береді немесе кері қайтарады;

3) төлем жүйесінің терминал арқылы авторизациясы (2-саты) - төлем жүйесі терминалға "2<<<" криптографиялық бірізділігін қабылдауға дайын екендігі туралы символдардың бірізділігін жібереді, терминал жауап ретінде осы бірізділікті жібереді, төлем жүйесі жауап қайтару бірізділігін қалыптастырады және оны терминалға жібереді. Терминал алынған ақпаратты талдайды және төлем жүйесіне құқық береді немесе кері қайтарады.

5. Авторизация процесі аяқталғаннан кейін төлем жүйесі терминалға хабарларды алмасу командаларын енгізу үшін "->" шақыруын береді.

6. Төлем жүйесіндегі пайдаланушы авторизациясының бір кезеңінде қате көрінген жағдайда терминал үшін "ERROR" хабары беріледі және байланыс үзіледі.

### **3-тaraу. Хабарлар алмасу тәртібі**

7. Төлем жүйесімен байланыс үшін терминал мына хаттамалардың біреуін пайдалануы тиіс:

- 1) TCP/IP хаттамалардың бөлімшесі арқылы kermit;
- 2) X.25 арқылы zmodem;
- 3) TCP/IP бойынша AFTP.

8. Терминал мен төлем жүйесі арасында ақпарат алмасқан кезде мынадай командалар қолданылуы тиіс:

- 1) "rz"- төлем жүйесіне zmodem хаттамасы бойынша терминалдан файлдар қабылдаудың қажеттілігі туралы хабар беру;
- 2) "sz" - төлем жүйесіне zmodem хаттамасы бойынша терминалдың файлдар қабылдауға дайындығы туралы хабар беру;
- 3) "rk" - төлем жүйесіне kermit хаттамасы бойынша терминалдан файлдар қабылдаудың қажеттілігі туралы хабар беру;
- 4) "sk" - төлем жүйесіне kermit хаттамасы бойынша терминалдың файлдар қабылдауға дайындығы туралы хабар беру;
- 5) "rtcp" - төлем жүйесіне AFTP хаттамасы бойынша терминалдан файлдар қабылдаудың қажеттілігі туралы хабар беру;
- 6) "stcp" - төлем жүйесіне AFTP хаттамасы бойынша терминалдың файлдар қабылдауға дайындығы туралы хабар беру;
- 7) "q" - төлем жүйесінен шығу.

9. Пайдаланушиның төлем жүйесіне әрбір хабары хабардың жүйелі бірегей нөмірі арқылы бірдей анықталады.

Пайдаланушиның төлем жүйесіне алғаш қосылуы кезінде бастапқы хабардың нөмірі бірге тең болып белгіленуі керек. Кейінгі хабардың әрбір нөмірі бірлікке артып отыруы тиіс. Хабарлардың нөмірленуі төлем жүйесі бақылау жасайтын үздіксіз артатын бірізділікті құрауы тиіс.

Хабардың нөмірі пайдалануши хабарларының төлем жүйесіне түсуін

бақылау үшін қолданылады. Пайдаланушы берген хабар нөмірі төлем жүйесі күтетін нөмірмен сәйкес келмеген жағдайда пайдаланушыға тиісті хабар берілуі керек.

#### **4-тарау. Терминалдағы оқиғаларды тіркеуге қойылатын талаптар**

10. Төлем жүйесінің терминалы жауапты атқаруышының бірегейлігі мен тіркелуін (пароль, смарт-карточкасы және өзге тәсіл арқылы) жүзеге асыруы тиіс.

11. Терминал жауапты атқаруышының мынадай негізгі оқиғалары мен іс-әрекеттері тіркелуі тиіс журналдардың (аудиторлық із) жүргізуін қамтамасыз етуі көрек :

- 1) терминалдың ашылу/жабылу уақыты;
- 2) жауапты атқаруышының қосылу/ажырау уақыты;
- 3) барлық жауапты атқарушылардың барлық командаларының уақыты, біреке лігі, мазмұны ;
- 4) хабарлардың іс-әрекетінің аяқталу уақыты, сипаты, белгісі;
- 5) терминалдың деректер базаларындағы барлық өзгерістер.

#### **5-тарау. Ақпаратты қорғауға қойылатын талаптар**

12. Төлем жүйесіне қосылған кезде мыналарды қамтамасыз етуі тиіс "ТҰМАР" криптографиялық қорғау пакетін пайдалану міндettі талап болып табылады:

- 1) терминалдың төлем жүйесімен бірдей бірегейленуі;
- 2) төлем жүйесіне ену кезінде екі жақты аутентификация (терминалмен және Орталықпен аутентификация);
- 3) электрондық сандық жазбаны қалыптастыру және тексеру тетігі (электронды құжаттың бүтіндігі мен авторлығы);
- 4) ақпараттың құпиялылығы (деректерді шифрлеу);
- 5) берілетін ақпараттың (деректердің имитациялық қорғалуы);
- 6) сақталатын ақпараттың және бағдарламалық қамтамасыз етудің бүтіндігі (деректердің хэширленуі);
- 7) негізгі ақпараттың ашық бөлінуі.

Пакетпен жұмыс істеу рәсімі, сондай-ақ пакеттің аппараттық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары "ТҰМАР" криптографиялық қорғау мен электрондық сандық жазбасының бағдарламалық кешеніне арналған құжаттамада келтіріледі.

#### **6-тарау. Ақпаратты сақтауға қойылатын талаптар**

13. Бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдалану арқылы электронды нысанда құрастырылған, электрондық сандық жазбасы бар алғынған және жіберілген хабарларды, сондай-ақ криптография кілттерін пайдаланушы ақпараттың сыртқы тасымалдаушыларында сақтауы тиіс.

## **7-тарау. Техникалық құралдарға қойылатын талаптар**

14. Техникалық құралдар төлем жүйесі терминалының сенімді, үздіксіз жұмысын және апат жағдайы болған жағдайда жұмыстың дұрыс аяқталуын қамтамасыз етуі керек.

Техникалық құралдар төлем жүйесінің терминалы қоятын негізгі талаптарға сәйкес болуы тиіс.

## **8-тарау. Терминалды пайдалануға беруге қойылатын талаптар**

15. Төлем жүйесінің терминалы пайдалануға берілгенге дейін Орталыққа сынақтан өту үшін берілуі керек. Сынақтың нәтижесі қанағаттанарлық болған жағдайда терминал пайдалануға жарамды болып танылады және оны пайдалануға рұқсат беріледі.

Осыған орай терминалдың пайдалануши сатып алған кезде берілетін сериялық нөмірі болуы тиіс. Сериялық нөмірге Орталық бақылау жасайды.

16. Төлем жүйесі терминалының орындалатын модулін толтырған кезде арнайы криптографиялық тетіктерді пайдалану арқылы оның бүтіндігіне бақылау жасау қамтамасыз етілуі тиіс.

17. Егер төлем жүйесі терминалын пайдалану барысында оның төлем жүйесімен мен жұмысы кезінде жұмыстың істен шығуы пайда болса немесе теріс электрондық жазбасы бар ақпарат берілетін болса, сондай-ақ төлем жүйесіне терминалдың беретін ақпараты оны пайдаланушыларға не Орталыққа зиян келтіруі мүмкін ерекше жағдайларда, Орталықтың төлем жүйесіне терминалдың енуін жабуға, терминалды, соның ішінде оны пайдалануға қойылатын талаптарды тексеруге құқығы бар.

18. Төлем жүйесі терминалын пайдалану ережесін бұзған жағдайда немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің рұқсат етілмеген өзгерісі кезінде Орталық оның қолданылуына тыйым салуға құқығы бар.

19. Төлем жүйесі терминалының бағдарламалық қамтамасыз етуіне өзгерістер енгізген кезде оны міндетті түрде Орталық сынақтан өткізу қажет.

*Төраға*